

Бейнеу аудандық мәслихатының 2020 жылғы 13 қаңтардағы № 45/360 "2020 - 2022 жылдарға арналған Бейнеу ауылының бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 2020 жылғы 14 желтоқсандағы № 57/460 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2020 жылғы 21 желтоқсанда № 4389 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Бейнеу аудандық мәслихатының 2020 жылғы 2 желтоқсандағы № 56/451 "Бейнеу аудандық мәслихатының 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 44/354 "2020 – 2022 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4352 болып тіркелген) сәйкес, Бейнеу аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:

1. "2020-2022 жылдарға арналған Бейнеу ауылының бюджеті туралы" Бейнеу аудандық мәслихатының 2020 жылғы 13 қаңтардағы № 45/360 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4117 болып тіркелген, 2020 жылғы 27 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1 тармағы келесідей мазмұнда жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2020 – 2022 жылдарға арналған Бейнеу ауылының бюджеті тиісінше осы шешімнің 1, 2 және 3 қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2020 жылға келесідей көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 1 425 462,2 мың теңге, оның ішінде:
 - салықтық түсімдер бойынша – 134 691,0 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер бойынша – 0 теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 0 теңге;
 - трансферттердің түсімдері бойынша – 1 290 771,2 мың теңге;
- 2) шығындар – 1 433 996,0 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге:
 - бюджеттік кредиттер – 0 теңге;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге:
 - қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;
 - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -8 533,8 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 8 533,8 мың теңге:

қарыздар түсімі – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 8 533,8 мың теңге.";

2 тармақ келесідей мазмұнда жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Аудандық бюджеттен 2020 жылға арналған Бейнеу ауылының бюджетіне 681 045,2 мың теңге сомасында субвенция бөлінгені қаперге алынсын.";

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Бейнеу аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі (аппарат басшысы Ж.Оспанов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Бейнеу аудандық мәслихатының экономика және бюджет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (К.Т.Таргынов).

4. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Бейнеу аудандық мәслихатының хатшысы

Ш.Азанов

А. Ұлұқбанов

Бейнеу аудандық мәслихатының
2020 жылғы 14 желтоқсандағы
№ 57/460 шешіміне қосымша
Бейнеу аудандық мәслихатының
2020 жылғы 13 қаңтардағы
№ 45/360 шешіміне 1 қосымша

2020 жылға арналған Бейнеу ауылының бюджеті

Санаты			Сомасы, мың теңге
Сыныбы			
Кіші сыныбы			
		Атауы	
		1. Кірістер	1 425 462,2
1		Салықтық түсімдер	134 691,0
	01	Табыс салығы	45 633,0
	2	Жеке табыс салығы	45 633,0
	04	Меншікке салынатын салықтар	89 058,0
	1	Мүлікке салынатын салықтар	3 575,0
	3	Жер салығы	2 929,0
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	82 554,0

4		Трансферттердің түсімдері	1 290 771,2
02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	1 290 771,2
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	1 290 771,2
Функционалдық топ			Сомасы, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
	Бағдарлама		
	Атауы		
		2. Шығындар	1 433 996,0
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	104 718,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	96 190,0
	001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	96 190,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	8 528,0
	053	Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық мүлкін басқару	8 528,0
04		Білім беру	620 848,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	620 848,0
	004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	620 848,0
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	116 530,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	116 530,0
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	56 341,0
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	60 189,0
12		Көлік және коммуникация	121 459,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	121 459,0
	012	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын салу және реконструкциялау	105 228,0
	013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	16 231,0
13		Басқалар	470 441,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	470 441,0
	057	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру	470 441,0
		3. Таза бюджеттік кредиттеу	0,0
		Бюджеттік кредиттер	0,0
		Бюджеттік кредиттерді өтеу	0,0
		4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0,0
		Қаржы активтерін сатып алу	0,0
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
		5. Бюджет тапшылығы (профициті)	-8 533,8

		6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	8 533,8	
		Қарыздар түсімдері	0,0	
		Қарыздарды өтеу	0,0	
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	8 533,8	
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	8 533,8	
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	8 533,8

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК